

«№ 5 «Аққу» бөбекжай-бақшасы» КМҚК

Білім беру саласы: «Таным»

Ұйымдастырылған оқу-қызметі: Математика негіздері

Тақырыбы: «Геометриялық пішіндер»

Өткізген: Қалқаманова Ұ.А
Ортаңғы №4 «Өркен» тобының тәрбиешісі

Атырау 2022 жыл

Білім беру саласы: «Таным»

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Математика негіздері

Тақырыбы: «Геометриялық пішіндер»

Мақсаты: Геометриялық пішіндер туралы білімдерін

бекіту: шаршы, шеңбер, үшбұрыш. Геометриялық пішіндер үлгілерін қима қағаздағы бейнесінің үстіне салып қарауға жаттықтыру; қоршаған ортадан басқа да геометриялық пішіндеріне ұқсайтын заттарды таба білуге үйретуді жалғастыру; геометриялық пішіндер белгілерін ажырата білу және атау білігін бекіту; пішінді оң қолымен алып, солдан оңға қарай қойып шығу білігін дамыту; ”теңбе-тең” сөзін қолдануды үйрету; заттар мен пішіндерді көру, қозғау, сезу тәсілдерімен зерттеу білігін дамыту; бақылағыштығын, назар аударуын тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдері: Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, жұмбақ жасыру

Көрнекілігі: суреттер

Қимылды ойын: ”Мысық пен сары балапандар”

Ойын барысы: Мысық ұйықтап жатады. Балалар шеңбер болып тұрып, өлең жолдарын айтады:

Шөп-шөп шөжелерім

Сары алтындай балапаным

Тез келіндер жем берейін

Дөңге толы алақаным

Мысық ұйқысынан оянып кетіп, балаларды қуа жөнеледі. Балалар шеңберге жиналып қалуы керек. Кімді ұстап алса сол мысық болады. Ойынды ары қарай жалғастырады.

Жұмбақ жасыру:

Төрт қабырғасы тең болса

Төрт бұрышы тең болар

Жауап берер балақай

Ой өрісі кең болса

Бұл қандай пішін? (Шаршы)

Емес бұл төртбұрыш

Мұнда мүлде жоқ бұрыш

Бұл қандай пішін?(дөңгелек)

Бұрыштарын табамыз

Бұған келер шамамыз

Төбесінен сырғанап

Құлап қалсақ күлеміз

Бұл қандай пішін?(үшбұрыш)

Дөңгелек-бұл пішінде қабырға да, бұрыш та болмайды. Қалай дөңгелетсек ие, домалай береді, яғни ешқандай кедергі жоқ.

Шаршы-деген төрт қабырғалары, биіктігі, ені мен ұзындығы бірдей пішінді айтамыз. Оларды қалай теңестірсек ие тең болады.

Үшбұрыш-үш бұрышы,яғни үш төбесі болады.Сонымен қатар үш қабырғасы болады.

Балалар біздің бүгінгі өтіп жатқан пішіндері сізбен біз күнде кездесіп отырамыз.Себебі мына әлемнің өзі пішіндерден тұрады емеспе?

Аспандағы ай мен күн дөңгелек емес пе?Үйлер төртбұрыш болса,төбелері үшбұрыш екен,не деген қызық я балалар.

Дидактикалық ойын:Зат қай пішінге ұқсайды?

Дөңгелек (доп,сағат,алма,күн т.б)

Шаршы (терезе,сыйлық қорабшасы,теледидар т.б)

Үшбұрыш (шырша,пирамида т.б)

Сергіту сәті

Бойды сергек тік ұста

Емін еркін тыныстап

Оң қолыңды соз алға

Қол ұшына қарада

Үшбұрыш сыз ауаға

Сол қол қарап тұрмасын

Шеңбер жасап тынбасын

Жеке жұмыс:балалар пішіндерге сәйкес заттарды рет-ретімен орналастырады.

Қорытынды:Балалар біз бүгін қандай пішіндер туралы айттық.Балалар біз қандай тапсырмаларды орындадық.Балалардың жауабы.Балаларды мадақтау.